

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№33				
<i>Күндері</i>	25 - 29.04.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Бейбітшілік қорғанында				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уактылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктердің тұқымын егуге қатыстыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы. - Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді. - Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді. - Дауылпаз дабылдап, - Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу) - Дауылпаз дабылдап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу) Дабыл-дап, дабыл-дап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу) Жаттығуы бірнеше рет қайталанады.	"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз. - Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіндер. Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді.	"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,... " - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,...", "Қолшатыр алған, себебіміз..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.	"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай көлік түрлері бар, қала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету.	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімге киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Құстай болып ұшамыз Қанатты біз қағамыз. Ұлу болып жорғалап, Өсімдікке қонамыз. Қане енді тұрайық Қолымызды созайық. Қанат қағып ұшайық.				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты жаймай отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. "Күлімдейміз күндей." Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді).	"Ғажайып қорапша" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.	Жыл мезгілдері жайлы әңгімелесу. Мақсаты: сұрақтарға дұрыс, нақты жауап беруге жаттықтыру.	"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Өр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Өкелген көп жақсылақ.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары". Мақсаты. Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру. <i>Сөздік жаттығу.</i> <i>"Әңгіме жалғастыр".</i> Сурет салу "Әскери көлік" Мақсаты. Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы.</i> <i>"Біз шығамыз</i>	Музыка "Дауылпаз дабылы". Мақсаты. Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. <i>"Дәлдеп лақтыр"</i> <i>ойыны.</i> Математика негіздері "Жауынгерлер сапқа	Көркем әдебиет "Юлиан Тувим "Бәріміз үшін бәрі де" (өлең). Мақсаты. "Бәріміз үшін бәрі де" өлеңімен таныстыру; балаларды құрдастарымен қарым – қатынас жасау және өзара әрекет; есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. <i>"Құрылысшы" сюжеттік ойыны.</i> Дене шынықтыру "Соқ, барабан!" Мақсаты. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру. <i>"Қолмен допты домалат"</i> <i>қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау. Мақсаттары: а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз	Құрастыру "Шерудегі көліктер". Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіріу амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Шерудегі көліктер".</i> Музыка "Жеңіс күнін тойлаймыз". Мақсаты. Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.	Жаратылыстану "Күн шуағы". Мақсаты. Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. <i>"Күнге ұқсас заттарды ата" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Соғамын барабанымды". Мақсаты. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. <i>"Өрт сөндірушілер"</i> <i>қимылды ойыны.</i>
---	--	---	--	--	--

	<i>сапарға".</i> Дене шынықтыру "Барабан дабылы". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру. <i>"Ғарышкер"</i> <i>қимылды ойыны.</i>	тұрды". Мақсаты. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы.</i> <i>"Барабан ырғағына сай сап түзейік".</i>	бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту. ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету.		
--	--	--	---	--	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Қайың бүршіктерін бақылау. Мақсаты: көктемнің қысты үшінші жеңісімен - орман көктемімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақша мен бақшаны тазарту.) Мақсаты: тұқым отырғызуға деген ұмтылысты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгір және секір", "Жолмен кім жылдам жүгіреді?" Мақсаты: секіру кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу, кеңістіктік бағдарлауды дамытуды	Шыршаны қарағаймен салыстыру. Мақсаты: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында). Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". Мақсаты: балаларды орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". Мақсаты: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері.	Бақтағы еңбек. Мақсаты: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жұмыс). Мақсаты: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру.	Гүл бақшасын бақылау. Мақсаты: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны дайындау тілегін тәрбиелеу гүл көшеттерін отырғызу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". Мақсаты: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Құстардың ұшуы". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу.	Шетенді бақылау. Мақсаты: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту; мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). Мақсаты: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Тауықтар". Мақсаты: алаңда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз орнын табу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: бір қатарға қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басыңа құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру. Мақсаты: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты, ептілікті, тепе-теңдікті дамыту.
----------------------	--	---	--	--	--

	жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, нысандарды нысанаға лақтыру. Мақсаты: заттарды нысанаға бір қолмен лақтыру дағдыларын бекіту.				
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасау. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Ғарышкер" қимылды ойыны. Педагог: - Балалар, "Ғарышкер" ойынын өткен оқу әрекетінде ойнадық. Мен сендерді ойынның ережесімен тағы да таныстырамын, мұқият тыңдап алыңдар. "Ғарышкер" ойынында педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша тапсырмаларды орындаулары тиіс. Педагог ғарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтады (ғарышкер ауада қалқиды, ғарышкер аспанға ұшады, ғарышкер скафандр киеді, ғарышкер қолын бұлғайды) балалар сол қимылды қайталап отырады. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындайды, сол топ жеңген болып есептеледі.	"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.	"Емхана" сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике ретінде болып ойнауға үйрету.	"Ұшты-ұшты" қимылды ойыны. Мақсаты: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (қол көтереді)	"Көкөністер-жемістер" лото ойыны. Мақсаты: жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту; олардың аталуын, бір-бірінен айырмашылығын, маңызын білу. Атрибуттары: көкөністер, жемістер суреті. Барысы: балалар айналаны танып біледі және ойын ойнау барысында жаңа көкөніс-жеміс түрлерін үйренеді. Көкөніс-жемісті танып біледі және оларды топтастыра алады. Карточканы соған сәйкес келетін суреттермен толтырады.
--	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Балық аулаймыз" (3-4 рет ойнатылады). Мақсаты: балалардың балықтың түрлері және тіршілігі жайлы білімдерін толықтыру; сөздік қорларын молайту; балық аулауды үйрету; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Барысы: ұл балалар қыздарға арнап, балық "аулап әкелеміз", -деп керекті құралдарын алып кетеді. Ал, қыздар ұлдарды бақылап тұрады. Ұлдар суда қандай балық түрлері бар екенін, олардың тыныс тіршілігі жайлы айтады. Содан балық аулайды. Жақсы балықшыға қыздар мадақтап, алақандарын соғады.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Сергіту сәтін айтқызу. "Көлікті жүргіземіз." Жүргіземіз көлікті - "Уууу!" Тұрамыз қатар-қатарға түзуу. Рөлді қатты ұстаймыз, Газды ептеп басамыз. "Ту-туу", кеттік, "Ту-туу!"	"Сиқырлы қапшық". Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Барысы: балалар "Сиқырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.	"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы: Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) көрсетемін, сол көңіл-күйлерді (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдер! Педагог еденге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) жайып береді. Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жаксы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.	Артикуляциялық жаттығу. "Сағат" - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.	"Мысық" саусақ жаттығуы. Пеш түбінде мысық отыр, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады. Ортаң терек) Екі көзін қысып отыр. (Ортаң терек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады). Тышқан егін жегісі кеп, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қашай қозғалтады) Тісі оның қышып отыр.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Отбасындағы балалардың музыкалық тәрбиесі.	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Өрт қауіпсіздігі".	Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы озбыр мінез-құлықтың бастаулары".